

Тәрбие – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : балабақша«Арай»

Топ: ортаңғы топ «Ақ бота»

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы, қыркүйек 02-06

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 02.09.2024	Сейсенбі 03.09.2024	Сәрсенбі 04.09.2024	Бейсенбі 05.09.2024	Жұма 06.09.2024
Қыркүйек құндылық «Еңбекқорлық және кәсіпқойлық» Дәйек сөз «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына. М.Әлімбаев»					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, баланың жеке пікірін білу. Күй: «Айжан қызы» «Ақбай» Жантілеуов Қали «Төремұрат» Ғабдиев Рысбай Сөздік минимум: Сәлеметсізбе!, Рахмет.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелесу; кеңес беру. Баланың топқа оңай бейімделуіне көмектесу жолдары туралы ата-аналарға кеңес				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т. б. әрекеттер)	Артикуляциялық жаттығу жасау а-а-а- оо-о-о-о-о п-п-п-п б-б-б-б- Міндеті: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту. (Сөйлемді дамыту) Д/О :«Түрлі- түсті моншақтарды тізбектеу» Мақсаты: Ойындар арқылы балалардың білім және білік	Тез ойла Ойын Барысы: Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. (Математика негіздері) Д/О:«Не артық» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету (Сөйлеуді дамыту)	Д/О «Мен кімін?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау, жақын қарым қатынас орнату (Сөйлеуді дамыту) Д/О :« Бұл қандай құс» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды білу. (қоршаған ортамен танысу)	Д/О «Жасырынған жануарларды тап» Мақсаты: үй жануарлары туралы әңгімелесу. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О:«Жасырынған пішінді тап» Мақсаты: жасырынған пішіндерді табу және атау. (Математика негіздері)	Д/О «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету (Құрастыру) Д/О :«Мозайка» Мақсаты: балалардың қол моторикасын дамыту. (құрастыру) Д/О : «Кигіз үй» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға

	дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)				үйрету (құрастыру)
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйекке арналған № 1 таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын қызметі)				
Таңғы ас	Тақпақтар оқу "Ал бізде сиқырлы қасықтар бар. Міне, табақ, міне, тамақ, ізі де қалмады. Балалардың назарын тағамға аудару, балалардың дастархан басында дұрыс отыруын қадағалау, тік отыру. Сөздік минимум: Нан, шәй, ботқа				
Ұйымдастырылған іс – әрекетке дайындық	Құстар қанат қағады, Құстар ұшып барады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ – деп, ән салады.	Артикуляциялық гимнастика: «Ат шабысын еліктеу»- тілмен дыбысты қайталау, мысалы, «р-р-р» дыбысын қайталау.	Саусақ жаттығулар: «Құмырсқалар» Барлық саусақтарды кезек-кезек жұмып, қайта ашу .	Тілұстарт жаттығуы Ел-ел – ел Соғады жел	"Саусақ саусаққа" саусақ гимнастикасы Нақты жануарлардың өмірі мен әдеттері туралы айту (Түлкі).
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	Қазақ тілі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Музыка (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)
	«Түрлі түсті жолдар» Мақсат-міндеті. Үздіксіз қисық сызықты салу дағдысын қалыптастыру: сурет салуға арналған түсті борлармен танысу. Түсті борлармен үздіксіз қисық сызықтарды ойша бейнелеуді үйрету. (сурет салу) «Алтын сақа» Мақсат-міндеті.	«Ал қанекі танысайық» Мақсат-міндеті. Дыбыстарды айта білуге, дыбыстардың артикуляциясын нықтылауға, тілін ұстарту, өз құрдастарына, үлкендермен сөзбе-сөз қарым қатынас жасауға, сұрақ қойып жауап ала білуге дағдыландыру. Сөздердің жіктелуіне қарай байланыстыру	«Сиқырлы кірпіштер. Қуыршақтың жолы» Мақсат-міндеті. Балаларды құрастыру жиынтығымен және оның бөлшегі – кірпішпен және кірпішті төсеудің тәсілдерін (жалпағынан, қырынан, кесілген) және оның орнықтылығымен таныстыру. (құрастыру)	«Менің балабақшам және тобым» Міндеті: Балабақшамен таныстыру. Балабақша, топ бөлмелері, қызметкерлері туралы білім беру. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Балабақшаға деген қызығушылықтарын	«Жеңіл көлік» Мақсат-міндеті. Көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау. Жеңіл көліктің қызметімен және бөлшектерімен таныстыру, жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру. (жапсыру)

	Балалардың ой-қиялын дамыту. Жақсылық пен жамандық ажыратуға үйрету. Әңгіме мазмұнын түсініп кейіпкерлерді ажырата білу дағдысын қалыптастыру. (көркем әдебиет)	қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту) «Бір» және «көп» Мақсат-міндеті. Балаларға заттар «бір» және «көп» болуы мүмкін екендігі туралы түсінік беру. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға, есте сақтау, зеін және логикалық ойлауды дамыту. Математикалық ойындарға эмоционалды оң көзғарас танытуға, жолдастарына мейірімді қарым-қатынаста қарауға тәрбиелеу. (математика негіздері)		арттыру, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу) «Пирамида» Мақсат-міндеті. Пирамиданы 3-4 бөлшектен конструкциялау тәсілімен мүсіндеу үйрету. Шарды илеуді және «жұқа нан» тәріздендіріп жаныштай білуді дамыту. Заттарды мөлшеріне қарай салыстыра білуді бекіту. (мүсіндеу)	
2-ші таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару, балалардың дастархан басында дұрыс отыруын қадағалау, тік отыру.				
Серуендеуге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, дұрыс киінуді қадағалау. Сөздік минимум: Тон, етік,				
Серуен	Бақылау: Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл,	Бақылау күнді Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Балалармен жеке жұмыс:	Бақылау: Күзгі ауа – райындағы өзгерістерді бақылау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер	Бақылау: ауладағы ағаштарды бақылау. Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтай ма?»	Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау. Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір – бірімен салыстыру. Еңбек: Құм

	<p>көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.</p> <p>Ұлттық ойын: «Қармақ салу» Мақсаты: Қозғалыс координациясын жақсартады.</p>	<p>«Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин) Міне торғай, Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік, Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау.</p> <p>Ұлттық ойын: «Асық ойнау» Мақсаты:Бұл қол моторикасын және дәлдікті дамытады.</p>	<p>туралы ертегі» Қимылды ойындар: «Көкөністер мен жемістерді жинау» Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктердің, көбелектердің жерге терең кіріп ұйықтайтынын айтып, олардың қалай азықтарын таситындарын бақылату.</p> <p>Ұлттық ойын: «Аяқ астындағы жіп» Мақсаты: тез жүгіруге ептілікке жаттақтыру.</p>	<p>Қимылды ойындар: Тақия тастамақ. Бақылау: Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.</p> <p>Ұлттық ойын: «Бәйге» Мақсаты: тез жүгіруге ептілікке жаттақтыру .</p>	<p>салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту» Бөрік тіктім Он ойланып Тоғыз толғанып. Сегіз рет сызып, Жегі рет бұзып Алты рет қарап Бес рет санап Төрт рет қадап Үш тал үкі тағып, Екі қолым талып, Бір бөрік тіктім Өзер деп біттім.</p> <p>Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты:Балаларды жалықтырмай ойын ежересін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін түрде шешу, өзіндік ойын әрекеті.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; Тамақ мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Ю. Тувимнің "Көкөністер"өлеңін оқу (көркем әдебиет)	Бесік жырын тыңдау (музыка)	А. Әлімбаеваның "Менің ойыншықтар	Бесік жырын тыңдау (музыка)	К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқу (көркем әдебиет)


			ым" өлеңіноку (көркем әдебиет)		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақаяқтың алдын алу үшін ортопедиялық жолмен жүру. Білімді бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Су, су, менің бетімді жу" ойын жаттығуын орындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтануға баулу Сөздік минимум: Шай, тоқаш				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т. б. әрекеттер)	<p>«Тында да, айт» Мақсаты: айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту. (Сөйледі дамыту)</p> <p>«Қауіпсіздік сабағы» Жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез құлқын және т.б қалыптастыру. (Қоршаған ортамен танысу) Сюжетті рөлді ойын «Дүкен» (коммуникативтік, әлеуметтік, т шығармашылық дағдыларын дамыту</p>	<p>Д/О :«Жануарларды қалай күту қажет?» Мақсаты: балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу (Қоршаған ортамен танысу) «Әжегеқонаққа бару» (сюжетті-рөлдік ойыны) Мақсаты: шайшудәстүрі туралықа рапайымтүсінік беру; қазақхалқыныңсалт-дәстүрінедегенкүрмет пен қызығушылықтытәрбиел еу.Тақырыпбойыншасөз дікжұмыс: шайғаарналғаныдыс: шай, қантыдысы, шәйнек, кәмпитыдысы, шыныаяқ</p>	<p>Д/О :«Үлкен заттарды тап» Мақсаты: көлем ұғымын түсіндіру. Заттарды көлеміне қарай ажыратуға үйрету. (математика негіздері)</p> <p>Қ\О «Тақия тастау» Мақсаты: баларды затты сезінуге үйрету.</p>	<p>Д/О :«Нені қайда қоямыз?» Ойыншықтарды өз орындарына қояды. (Қоршаған ортамен танысу, танымдық дағдыларды дамыту)</p> <p>Сюжеттік рөлдік ойын "Жүргізуші Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру.</p>	<p>Сюжеттік рөлдік ойын Бізге қонаққа кім келді?" ойыны. Мақсаты: құрдастарына деген достық қарым-қатынасын белсендіру. (Сөйледі дамыту)</p> <p>Балалардың экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастыру, «түрлі түсті қақпақтар» акциясын ұйымдастыру (Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру)</p>

		(қоршаған ортаментаныс у, сөйлеуді дамыту, қазақтілі)			
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту (Ануза) Түстерді ажыратуға үйрету және сөйлеу қаблетін арттыру.	Сөйлеуді дамыту (Томирис) Басты түстерді күнделікті айтылуын қалыптастыру. Ойын арқылы түсі бойынша көліктерді айыра білу.	Көркем әдебиет (Аянат) Ойын арқылы шалқан ертегісімен тілін жаттықтыру.	Қоршаған ортамен танысу (Дария) Ойын арқылы.Отбасы мүшелерін атауды жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту (Б.София) Ойын арқылы «И»дыбысын анық айтуға үйрету.
Серуендеуге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Балалармен жеке әңгімелер: "Анаң мен әкеңнің аты кім?", "Кімнің үйінде мысық бар?"және т. б.сұрақтар қою.Серуендеуге шығу. Сөздік минимум: Тон, етік				
Серуен	Қ\О: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.	Қ\О: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.	Қ\О: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту	Қ\О: «Көрші». Мақсаты: Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.	Қ\О: «Итеріспек» Мақсаты: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.
Серуенен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,киімдерин орын орнына ілуі				

Балалардың дербес әрекеті	«Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан жіңішке заттарды ажыратуға үйрету. (математика негіздері)	«Үй жануарлары» Мақсаты: үй жануарлардың дене мүшелерін атауға үйрету (сөйлеуді дамыту)	«Кім тез жинайды» Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажыратуға үйрету (қимылды ойын)	«Қоянға көмектес» Мақсаты: көп және біреу деген ұғымды ажыратуға үйрету. (математика негіздері)	«Пішінді құрастыру» Мақсаты: түстер мен пішінді құрастырып үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. Сөздік минимумы: Сауболыңыз!				
	Ата-аналармен баланың қалай ұйықтағаны, қандай көңіл күймен оянғаны туралы әңгімелер	Ерекше балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу	Ауа райына сай баланы киіндіруге қатысты кеңес беру	Отбасында қолынан келетін жұмысты тапсыру туралы әңгімелесу	Ата-аналардың өтініші бойынша кеңес беру

Тәрбиеші: Латыпова А.К

Кимбаева Н.К

Әдіскер:  Тяглая И.А

Тәрбие – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: балабақша «Арай»

Топ: ортаңғы топ «Ақ бота»

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы, қыркүйек, 09-13

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.09.2024	Сейсенбі 10.09.2024	Сәрсенбі 11.09.2024	Бейсенбі 12.09.2024	Жұма 13.09.2024
Қыркүйеккүндылық «Еңбекқорлық және кәсіпқойлық»					
Дәйексөз «Тіл – достық көпірі»					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, баланың жеке пікірін білу. Күй: «Жастар биі» «Төремұрат» Ғабдиев Рысбай «Кішкентай» Ғабдиев Рысбай Сөздік минимумы: Салеметсізбе!, Рахмет.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелесу; кеңес беру. Ата – аналарға бала тәрбиесі туралы кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т. б. әрекеттер)	Д/О: «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. (Құрастыру) Д/О: «Ненің баласы?» Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)	Д/О: «Ашулы көңілді» Мақсаты: Балалардың тілдерін жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту) Д/О: «Сипау сезу арқылы санау» Мақсаты: Сипай сезіп топтағы заттарды салыстыруға үйрету (көп, біреу); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.	Д/О: «Тәулік бөліктері» мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. (Математика негіздері) С/О: «Қатты-ақырын-сыбырлап» Мақсаты: Балаларға қатты, сыбырлап, ақырын сөйлеуге	Д/О: «Үлкен және кіші» мақсаты: үлкен және кіші заттарды ажыратуға жаттықтыру. (Математика негіздері) Д/О: «Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін	Д/О: «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: гүлдер туралы түсінік беру. (сөйлеуді дамыту)

		(Мтаематика негіздері)	үйрету. (сөйлеуді дамыту)	атату, тілдерін жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)	
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйекке арналған № 2 таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын қызметі)				
Таңғы ас	Балалардың назарын тағамға назар аудару, балалардың дастархан басында дұрыс отырун және қасықты дұрыс ұстауын қадағалау. Нан, сүт, май,ботқа				
Ұйымдастырылған іс – әрекетке дайындық	Тіл ұстарту жаттығуы Ел-ел-ел, Соғады жел. «Салат» саусақ ойыны Сәбізді алып тазалаймыз, Үккішпен үгіп майдалаймыз, Қанттан сеуіп дәмдейміз, Міне дайын нәр тағам Дәруменге байығын.	Тілұстартужаттығуы На- на – на Мейрімдіана	Тілұстартужаттығуы Е – е- е Ақжаулықтыаже	Саусақжаттығуы «Меніөтбасым» Бас бармақ – ата, Сұксаусақ – әже Органтерек-әке Шылдыршүмек-ана Кішкенебөбек - мен	Тілұстартужаттығуы Ке-ке- ке Асқартаудайаке
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	Қазақ тілі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Музыка	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)
	«Күзгі жаңбыр» Мақсат-міндетті. Бояуларды ырғақты жағу дағдысын қалыптастыру . Қылқаламды оң қолдың үш саусағымен ұстауды, артық бояуды ыдыстың ернеуі арқылы алып тастауды үйрету. (сурет салу) Қ.Әлімқловтың «Мен бақшаға барамын»өлеңі	Д/О: «Суретке қарап сөйлем құра» Мақсат-міндетті. Баланың сөздік қорын байыту,сөйлем құрау дағдысын дамыту. (сөйлеуді дамыту) «Бертекті заттар тобы, «біреуін» бөлу Міндеттері: «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту, көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттардан топ	«Саябаққа алтын күз келді» Мақсат-міндетті. Тірі табиғаттағы өзгерістер жайлы көзқарасын кеңейту, құрғақ және дымқыл қағаздардың қасиеттері жайында білімді нақтылау. Сары немесе қызыл түсті дымқыл беттерін ірі шеңбер тәрізді пішінге өзгертуді үйрету. (құрастыру)	«Құммен ойын» Мақсат-міндетті. Құмның қасиеттерін ашып түсіндіру.Құмның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.Қарап айым тәжірибелік жұмыстардың қарапайым тәсілдерін үйрету. Өлі табиғатқа деген қызығушылығын ояту.	«Шұғылалы күн» Мақсат-міндетті. Бейнеленетін заттың түсіне сәйкес бөлшектерді жинап, дайын пішіндерді жабыстыруды үйрету. Шеңбер геометриялық пішінін пысықтау,майлық пен желімді қолдануды, қағаздың қасиеттерін қалыптастыру. (жапсыру)

	<p>Мақсат-міндетті. Сқрақтарға сурет бойынша жауап беру. Оқылған өленді түсіндіру. Әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу, үлкендердің нұсқауын тындауға, соған сәйкес әрекет етуге тәрбиелеу. (көркем әдебиет)</p>	<p>құрып, олардың ішінен біреуін бөліп көрсету машықтарын жетілдіру. Көру, ес, ерікті зеінін, логикалық ойлауын дамыту. Достарға деген мейірімді қарым қатынас танытуға тәрбиелеу. (математика негіздері)</p>		<p>(қоршаған ортамен таныстыру) «Жаңбыр жауады» Мақсат-міндетті. Ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексазды түрлі түсті иілгіш материал ретінде татыстыруды жалғастыру, кішкене дөңгелек пішіндерді жаю қабілеттерін қалыптастыру. (мүсіндеу)</p>	
2-ші таңғы ас	<p>Балалардың назарын тағамға аудару, балалардың дастархан басында дұрыс отыруын қадағалау, тік отыру. Сөздік минимум: Алма, алмұрт, өрік.</p>				
Серуендеуге дайындық	<p>Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, дұрыс киінуді қадағалау. Сөздік минимум: тон, етік, шалбар</p>				
Серуен	<p>Бақылау: Жерге түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау. Балалармен жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары,</p>	<p>Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. Еңбек: Қурап қалған</p>	<p>Бақылау: Күзгі ауа – райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа – райын жазғы ауа – райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен</p>	<p>Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта</p>	<p>Бақылау: «Тұманды бақылау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Балалармен жеке жұмыс: «Бозторғай» тақпағын жаттау (С. Сейфуллин) Міне торғай,</p>

	<p>Күзде жерге қонады. (Жапырақ) Аспай піскен, Қайнамай піскен.(Жеміс) Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту.</p> <p>Ұлттық ойын: «Сақина салмақ» Мақсаты: Ойын баланың зейінін және байқағыштығын дамытады.</p>	<p>гүлдердің тұқымдарын жинау. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттау. Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, жасыл, сары, Әп – әдемі бәрі. Қимылды ойындар: «Абай бол», «Қайда шылдырлайды?» Мақсаты: Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p> <p>Ұлттық ойын: «Қармақ салу» Мақсаты: Қозғалыс координациясын жақсартады.</p>	<p>жинату. Балалармен жеке жұмыс: «Жел» туралы тақпақ айтқызу. Жел тынымсыз гуілдепБолып кетті тым бұзықШуылдайды тал терекЖапырағын жұлғызып Қимылды ойындар: «Ұшты – ұшты» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p> <p>Ұлттық ойын: «Аяқ астындағы жіп» Мақсаты: тез жүгіруге ептілікке жаттақтыру.</p>	<p>күлімдеп, Көз тартады атырап. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.</p> <p>Ұлттық ойын: «Айгөлек» Мақсаты: Қимыл және ырғақты сезінуді жақсартады.</p>	<p>Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік, Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау. Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: Зейін және жылдамдықты дамытады.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың дұрыс киімдерін шешіп, шкафқа орналастыру тәртібін қадағалау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауын қадағалау. (коммуникативтік дағдысын дамыту, әлеуметтік дағдысын дамыту)</p>				
Түскі ас	<p>Ас алдында қолдарын жуу. Сөзін тыңда халықтың Ас арқау ма атау ма Айта алады, анық кім Ауыз барып атауға. (коммуникативтік дағдысын дамытуғ әлеуметтік дағдысын дамыту) Кезекшілер тағайындау. Кезекшілер ыдыстарды дұрыс ретімен қою. Әр столға 4 ыдыстан қою.(танымдық дағдысын дамыту) Сөздік минимум: нан, сорпа, қасық.</p>				

Күндізгі ұйқы	Ю. Тувимнің "Көкөністер"өлеңін оқу (көркем әдебиет)	Бесік жырын тыңдау (музыка)	А. Әлімбаеваның "Менің ойыншықтарым" өлеңін оқу (көркем әдебиет)	Бесік жырын тыңдау (музыка)	К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқу (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақаяқтың алдын алу үшін ортопедиялық жолмен жүру. Білімді бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Су, су, менің бетімді жу"ойын жаттығуын орындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтануға баулу Сөздік минимум: ботқа,тоқаш.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау	<p>Ертегі оқу: «Үш аю» Мақсаты: Балалардың ертегі тыңдауға қызығушылықтары н арттыру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Тәжірибелік жұмыс: «Судың қасиеті» (әлеуметтік дағдысын дамыту)</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып жүру. (Қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Д/О :«Ауызша сөз жұмбақ» Балалардың сөздік қорын молайту, Логикалық ойлау қаблеттерін дамыту.Сондай- ақ сұрақты дұрыс қойып, оларға нақты жауап беруге, сөздерді анықтауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын «Сән салоны» (коммуникативтік, шығармашылық,</p>	<p>Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. (Сурет салу)</p> <p>Д/О:«Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. (Математика негіздері)</p>	<p>тәжірибелік жұмыс: «Ауаның қасиеті» (әлеуметтік дағдысын дамыту) Д/О :«Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. (Қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Сюжетті рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: баланың сөздік қорын молайту,бір-біріне деген жағымды қарым-қатынас жасау,ой-қиялын</p>	<p>«Мозайка» Мақсаты:Балалар мозайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. (Құрастыру)</p> <p>Д/О «Не артық» Мақсаты: Балаларды артық суретін табу. (Сурет салу)</p> <p>Д/О: «Доп» Мақсаты:ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту. (Шығармашылық дағдыларын дамыту) Сюжетті рөлді ойын «Дүкен» (коммуникативтік, әлеуметтік, т шығармашылық</p>

		элеуметтік)		одан әрі дамыту. С\О: «Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті» Мақсаты: балаларды қоғамдық орында өзін-өзі ұстауды үйрету.	дағдыларын дамыту
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салу (Аделя) тік сызықты қылқаламен салуға үйрету.	Сөйлеуді дамыту (Аилйн) «Л» дыбысын анық айтуға үйрету.	Сөйлеуді дамыту (Мансұр)жыл мезгілдерді ажыратуға үйрету.	Сурет салу (Хадиджа) Түстерді тануға, алақанға салып тік сызықты салуға үйрету.	Сурет салу (Ильхам Қарындашты дұрыс ұстай білуге, пішіндерді сыртқа шығармай бояуға үйрету.
Серуендеуге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Балалармен жеке әңгімелер: "Анаң мен әкеңнің аты кім?", "Кімнің үйінде мысық бар?"және т. б.сұрақтар қою.Серуендеуге шығу. Сөздік минимум: Тон,етік,шалбар				
Серуен	Қ\О: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.	Қ\О: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.	Қ\О: «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.	Қ\О: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.	Қ\О «Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.
Серуенен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,киімдерін орын орнына ілуі				
Балалардың дербес әрекеті	«Артығын тап» Мақсаты: тіл байлықтарын,сөздік қорларын молайту. (сөйлеуді дамыту)	«Ыссы – салқын» Мақсаты: өсімдіктер туралы түсініктерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу)	«Тез жауап бер» Мақсаты: түстерді,пішіндерді,сап асын дұрыс атай білуге дағдыландыру. (математика негіздері)	«Дыбыстар қайда орналасқан» Мақсаты: дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.	«Қоянға көмектес» Мақсаты: көп және біреу деген ұғымды ажыратуға үйрету. (математика негіздері)

Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. Сөздік минимумы: Сауболыңыз!,Рахмет				
	Балаларға өздерінің жұмыс орындарында қандай еңбек әрекеттерін жасайтындығы, қандай құралдарды қолданатындығы туралы айтуға кеңес беру	Балаларға өздерінің жұмыс орындарында қандай еңбек әрекеттерін жасайтындығы, қандай құралдарды қолданатындығы туралы айтуға кеңес беру	Кеңес: баланың балабақшаға ерте келуге деген ұмтылысын қолдау	Ата-аналармен баланың қалай ұйықтағаны, қандай көңіл күймен оянғаны туралы әңгімелесулер	Отбасында қолынан келетін жұмысты тапсыру туралы әңгімелесу

Тәрбиеші: Кимбаева Н.К
Латыпова А.К

Әдіскер:  Тяглая И.А

Тәрбие – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : балабақша «Арай»

Топ: ортаңғы топ «Ақ бота»

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-20245 оқу жылы, қыркүйек, 16-20

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 16.09.2024	Сейсенбі 17.09.2024	Сәрсенбі 18.09.2024	Бейсенбі 19.09.2024	Жұма 20.09.2024
Қыркүйек құндылық «Еңбекқорлық және кәсіпқойлық» Дәйексөз «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, баланың жеке пікірін білу. Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу Күй: «Келіншек» «Төкпе күй» Қурманғазы Сөздік минимум: Салеметсіз бе!, Рахмет!				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелесу; кеңес беру. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Баланың топқа оңай бейімделуіне көмектесу жолдары туралы ата-аналарға кеңес.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау)	Д/О «Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштардың биік үй құрастыру. (Құрастыру) Д/О «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін ,ес,зейін,қабылдау процесстерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту)	Д/О: «Жыл мезгілдері: Жаз, күз белгілері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О «Топтағы заттарды тап» Мақсаты: Топ ішіндегі	Д/О: «Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Дәл осындай пішінді тап»	Д/О: «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Балаларға себет туралы түсінік беру. Саңырауқұлақтың түрлерімен таныстыру. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О: «Жоғалған бөлікті тап»	Д/О: «Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. (Құрастыру) Д/О : «Көңіл-күйімізді жаттықтыру» Мақсаты: Шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл

		көп және бір заттарды тауып ,атауға үйрету.Баланың зейінін,тез ойлау қабілетін жетілдіру(қоршаған ортамен танысу)	Мақсаты: Шаршы пішінін дұрыс тауып ,атауға ,ажыратуға ,салыстыруға жаттықтыру. (математика негіздері)	Мақсаты: Бүтін және бөлшек ұғымдарын дамыту. (математика негіздері)	–күймізді жаттықтыра алуға арналады. (Сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №3 «Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру. Қолдарын алға, артқа тербету.				
	Сөздік минимум: Қол, аяқ, он жақ, сол жақ , құлақ.				
Таңғы ас	Балаларды ас мәзірімен таныстыру. Балалар дастархан басында дұрыс отыруды және қасықты дұрыс ұстауын және қатты сөйлемейін қадағалау. Сөздік минимум: Ас болсын, ботқа, шай, ірімшік.				
Ұйымдастырылған іс – әрекетке дайындық	Тіл ұстарту жаттығу: Үз- үз –үз, Жаңбырлы Күз.	«Кірпі» жаттығу Моқанмын алайда, Тікенім көп абайла, Кіріп кесте қолыңа, Өкпелеме жарайма.	Тіл ұстарту жаттығу: Ыз-ыз –ыз Айна жақсы қыз	Тіл ұстарту жаттығу: Ға-ға-ға Қамқор аға	Тіл ұстарту жаттығу: Ла- ла- ла Саят пысық бала
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	Қазақ тілі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Музыка (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)
	«Тауқтарға жем шашамыз» Мақсат-міндетті. Нүктелерді түрту арқылы бейнелеуге (мақта таяқшасы) үйрету, сары түсті	«Әдепті бала ақылды бала» Мақсат-міндетті. Балаларға әдептілік жайлы мағлұмат беру арқылы сөздік қорын кеңейту. Сөз ішіндегі	«Текше .Қуыршаққа арналған жиһаз» Мақсат-міндетті. Балаларды құрастыру жиынтығының жаңа бөлшегі «текшемен» таныстыру.	«Бақшадағы көгөністерді жинауға көмек» Мақсат-міндетті. Көгөністердің атауларын, пайдасы туралы түсінік	«Тиіннің саңырауқұлақтары» Мақсат-міндетті. Үлкендер дайындаған элементтерді орналастыруды

	<p>баяуды атау мен тануды бекіту. Қолдың ұақ моторикасын дамыту, сурет салуға деген қызығушылықты қалыптастыру. (сурет салу)</p> <p>«Аю мен аралар» Мақсаты: Балалардың бекіті қадырлеуге және табиғатты құрметтеуге үйрету. (көркем әдебиет)</p>	<p>дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру. Дидакти қалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.(сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Көп және біреу» затты салыстыру Мақсат-міндетті. «Көп», «біреу» сандық түсініктерді салыстырудағы алғашқы икемділіктерді қалыптастыру, көп заттан біреуін бөлу және заттарды солдан оңға қарай «көп» және «біреу» деп орналастыру, «көп» заттан «біреуін» бөлу. «Көп», «біреу» сандық түсініктерін бекіту. Зейін, байқампаздық, логикалық ойлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері)</p>	<p>Кірпіш пен текшелерді қолданып қуыршаққа арнап жиһаз құрастыруды үйрету. (құрастыру)</p>	<p>беру. Көгөністерді тану және олардың атауын білу қабілетін дамыту. Бау-бақша дақылдарын өсіру туралы түсініктерін кеңейту. Танымдық қызметке деген қызығушылығын ояту.(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>«Саңырауқулақтар» Міндетті: Балаларға саңырауқулақты екі бөліктен құрастыру арқылы конструкциялық тәсілмен мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>	<p>және жапсыруды, оларды қағаз бетіне бір-біріне сәйкес орналастыру арқылы бейне құрастыруды үйрету. (жапсыру)</p>
<p>2-ші таңғы ас</p>	<p>Сөздік минимум: алмұрт, өрік, алма.</p>				

Серуендеуге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, дұрыс киінуді қадағалау. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	<p>Бақылау: «Тұманды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.</p> <p>Қимылды ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар»</p> <p>Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздық қа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p>Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.</p>	<p>Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»</p> <p>Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. Көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу.</p> <p>Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату.</p> <p>«Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев)</p> <p>Алтын, сары, қызыл, көк</p> <p>Алуан- алуан жапырақ</p> <p>Күзгі бақта күлімдеп,</p>	<p>Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін (Қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 3. Еркін самғап ұшсын, - деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4. Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады 	<p>Бақылау: «Күзгі желдің бағытын бақылау»</p> <p>Мақсаты: балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.</p> <p>Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.</p> <p>Кейде сипап өтер Кейде ұйпап кетер Көк майса көрікті Алқаптағы көк егін Бұл күндері киіпті Сары жібек көйлегін Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым</p>	<p>Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін (Қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 3. Еркін самғап ұшсын, - деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4. Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады Кәне, қай құс анықта

	<p>Ұлттық ойын «Асық жинау» Мақсаты: Ұсақ моториканы және зейінді дамытады.</p>	<p>Көз тартады атырап. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу – қаздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p> <p>Ұлттық ойын «Тақия тастау» Мақсаты: Жылдамдықты және қозғалыс үйлесімділігін жақсартады.</p>	<p>Кәне, қай құс анықта (Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Ұлттық ойын «Аяқ астындағы жіп» Мақсаты: тез жүгіруге ептілікке жаттақтыру.</p>	<p>бұзық Шуылдайды тал, терек Жапырағын жұлғызып. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жел көбік», «Кім жылдам?» Мақсаты: Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұлттық ойын «Айгөлек» Мақсаты: Қимыл және ырғақты сезінуді жақсартады.</p>	<p>(Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері Ұлттық ойын «Ханталапай» Мақсаты: Топтық ойындарда әділдік пен тәртіпке үйрету.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың дұрыс киімдерін шешіп, шкафқа орналастыру тәртібін қадағалау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауын қадағалау. (коммуникативтік дағдысын дамыту, әлеуметтік дағдысын дамыту)</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Асын берсін асына, Береке берсін басына. Дастарханын мол болсын, Уайым қайғы жоқ болсын. (коммуникативтік дағдысын дамытуға әлеуметтік дағдысын дамыту) Сөздік минимум: тамағынды іш ,сорпа,нан.</p>				
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Литва халық ертегісін оқу "Неліктен мысық тамақтанғаннан кейін жуылады?»</p>	<p>Бесік жырын тыңдау (музыка)</p>	<p>"Ешкі, қозы, бұзау" қазақ халық ертегісін оқу (көркем әдебиет)</p>	<p>Бесік жырын тыңдау (музыка)</p>	<p>Н. Носовтың "Винтик, Шпунтик және шаңсорғыш" Ертегісін оқу</p>

	(көркем әдебиет)				(көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақаяқтың алдын алу үшін ортопедиялық жолмен жүру. Білімді бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Су, су, менің бетімді жу" ойын жаттығуын орындау.				
	Ұйқыдан кейін жаттығуларының карточкасы №2				
Бесін ас	Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтануға баулу Сөздік минимум: Сүт, баурсақ, су.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т. б. әрекеттер)	Д/О «Көршісін тап» Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлауға, санның таңбасын естеріне сақтауға баулу. Ойлау, қабілеттерін, қол машықтарын дамыту. (Математика негіздері)	Сюжетті рөлді ойын «Дүкен» (коммуникативтік, әлеуметтік, т шығармашылық дағдыларын дамыту) Д/О: «Терек бұталары» Мақсаты: Терек бұталары жайлы түсінік беру; Ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету; Таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу (Сурет салу)	Д/О: «Отбасы мүшелерін орналастыр» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға, оларды құрметтеуге үйрету. Есте сақтау, зейін қою қабілеттерін жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту) С/О: «Жол жүру» Мақсат-міндетті: Көлік түрлерін тану, жол ережелерін үйрену. (Сөйлеуді дамыту) «Әжеге қонаққа бару» (сюжетті-рөлдік ойыны) Мақсаты: шайшудәстүрі туралы	Д/О: «Бет орамалға лайық жамауларды табу» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. (Математика негіздері) «Шалқан» орыс халық ертегісін сахналау. Міндетті: бұл ертегі балалардың тілін дамытуға, оқиға желісін түсінуге және қорытынды жасауға үйрету.	Сюжетті-рөлдік ойын «Киім дүкені» (коммуникативтік, әлеуметтік, т шығармашылық дағдыларын дамыту) Д/О: «Қайда мекендейді?» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. (Қоршаған ортамен танысу)
	Тәжірбие: «Құм мен су» Мақсаты: Балаларға құмның қасиетін сезінуге көмектесу				

			қарапайымтүсінік беру; қазақхалқыныңсалт-дәстүрінедегенқұрмет пен қызығушылықтытәрбиелеу.Тақырыпбойыншасөздікжұмыс: шайғаарналғаныдыс: шай, қантыдысы, шәйнек, кәмпитыдысы, шыныаяқ (қоршағанортаментанысу, сөйлеудідамыту, қазақтілі)	. Сюжеттік рөлдік ойын "Жүргізуші" Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру.	
Балалармен жеке жұмыс	Анастасия Құрылыс материалдарын көлемі, пішіні бойынша топтастыра алады. (Математика негіздері)	Н.София Дыбыстарды дұрыс, анық айту арқылы тақпақ өлеңді жатқа, мәнерлеп айта алады. (Сөйлеуді дамыту)	Раяна өз бетінше түрлі тәсілдермен құрастыруды үйрету (Құрастыру)	Жарас Сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту (Қоршаған ортамен танысу)	Назым Түстерді таниды, алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі. (Сурет салу)
Серуендеуге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Балалармен жеке әңгімелер: "Анаң мен әкеңнің аты кім?", "Кімнің үйінде мысық бар?"және т. б.сұрақтар қою.Серуендеуге шығу.				
Серуен	Қ\О: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.	Қ\О: «Біз кішкене отбасы» Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.	Қ\О: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу	Қ\О: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.	Қ\О: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,кимдерин орын орнына ілуі				

	Сөздік минимум: Шалбар,жемпір,етік.				
Балалардың дербес әрекеті	Д/О: «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Д/О: «Ажырат» Мақсаты: Жыл мезгілдері бойынша киімдерді ажырата білуді үйренеді. (Қоршаған ортамен танысу)	Д/О : «Сымсыз телефон». Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Д/О: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. (Математика негіздері)	Д/О «Жәндіктер» Мақсаты: Балаларға суреттер арқылы жәндіктер туралы түсінік беру. Жәндіктерді құрастыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. (Құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				
	Балаларға өздерінің жұмыс орындарында қандай еңбек әрекеттерін жасайтындығы, қандай құралдарды қолданатындығы туралы айтуға кеңес беру	Балаларға өздерінің жұмыс орындарында қандай еңбек әрекеттерін жасайтындығы, қандай құралдарды қолданатындығы туралы айтуға кеңес беру	Кеңес: баланың балабақшаға ерте келуге деген ұмтылысын қолдау	Ата-аналармен баланың қалай ұйықтағаны, қандай көңіл күймен оянғаны туралы әңгімелесулер	Отбасында қолынан келетін жұмысты тапсыру туралы әңгімелесу

Тәрбиеші: Кимбаева Н.К

Латыпова А.К

Әдіскер:

Тяглая И.А

Тәрбие – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: балабақша «Арай»

Топ: ортаңғы топ «Ақ бота»

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы, қыркүйек, 23-27

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 23.09.2024	Сейсенбі 24.09.2024	Сәрсенбі 25.09.2024	Бейсенбі 26.09.2024	Жұма 27.09.2024
	Қыркүйеккүндылық «Еңбекқорлық және кәсіпқойлық» Дәйексөз «Еңбек -жәй ғана қызмет емес,болмысының айнасы» Абай				
Балаларды қабылдау	Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу Күй: «Кеңес» Сөздік минимум: Сәлеметсіз бе!				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелесу; кеңес беру. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. «3–4 жастағы балалардың жас ерекшеліктері»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау)	Д/О «Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштардың биік үй құрастыру. (Құрастыру) Д/О: «Пішіндерді сәйкестендір» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді тану. (математика негіздері)	Д/О: «Жыл мезгілдері: Жаз, күз белгілері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О: «Не қайда тұрады?» Міндетті: Баланың ойлау қабілеті мен логикасын дамыту. (логика)	Д/О: «Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. (Сөйлеуді дамыту) Д/О: «Қарама қарсы заттарды тап» Мақсат-міндетті. Қарама-қарсы ұғымдарды	Д/О: «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Балаларға себет туралы түсінік беру. Саңырауқұлақтың түрлерімен таныстыру. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О: «Суреттерді есте сақта» Мақсаты: Зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту. (сөйлеуді	Д/О: «Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. (Құрастыру) Д/О: « Жемістер мен көкөністерді жина» Мақсат-міндетті: Сөздік қорды және жіктеу қабілетін дамыту. .(сөйлеуді дамыту)

			үйрену.»Үлкен-кіші», «ұзын-қысқа», «ауыр –жеңіл» секілді суреттер. (логика)	дамыту)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені№2 Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді				
Таңғы ас	Балаларды ас мәзірімен таныстыру. Балалар дастархан басында дұрыс отыруды және қасықты дұрыс ұстауын және қатты сөйлемейін қадағалау. Сөздік минимум: ботқа,нан,май,шай.				
Ұйымдастырылған іс – әрекетке дайындық	Тіл ұстарту жаттығу Рақ-рақ-рақ, Саулайды жапырақ.	Добым-добым домалақ. Добым-добым домалақ, Тоқтамайсың домалап. Үстел үстін бүлдірдің, Тарелкені сындырдың. Тентек болып, кеттің,деп, Тұрмын сені тепкім кеп.	Тіл ұстарту жаттығу Кі-кі –кі Бұландайды түлкі	Тіл ұстарту жаттығу Ла-ла-ла Араның үсті ала	Тіл ұстарту жаттығу Лау-лау-лау Желбірейді жалау
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	Қазақ тілі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Музыка (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (маман жоспарымен)
	«Сегізаяқтар» Мақсат-міндетті. Жәндікті көру және үлгісі арқылы суретін салудың қарапайым тәсілін меңгерту. (сурет салу) «Сықырлы сыбызғы» ертегісі Мақсат-міндетті. Жаңа ертегімен таныстыру. Ертегіні	Д/О: «Артық сөзді тап» Мақсаты: Логикалық ойлау мен талдау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту) «Бір-бірден», «бірде біреу жоқ»сандық ұғымдары Мақсат-міндетті. «Көп», «бір», «екі»,	«Көліктерге арналған жол» Мақсаты: Кірпіштердің жіңішке қырларын түйістіре отырып, көлікке арнап жол салуды үйрету.Танымдық қызығушылығын дамыту. (құрастыру)	«Алтын күз келді!» Мақсат-міндетті. Күз мезгіліндегі табиғат өзгерістері туралы түсінік беру.Балалардың санасында күз мезгілінде болатын табиғат өзгерістері жайлы түсінік қалыптастыру.Ауа райын анықтау	«Тиінге арналған саңырауқұлақтар» Мақсат-міндетті. Балаларға бірнеше дайын бөлшектерден құрастыру тәсілімен саңырауқұлақтар бейнесін жасауды үйрету. (жапсыру)

